

Сагыева Жадыра Ургенчбаевна

"Теңге бөбекжай-бақшасы" тәрбиешісі

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Мектеп жасына дейінгі тіл дамуы жетілмеген балалардың шығармашылық қабілетін пластилинография әдісімен дамыту

Соңғы жылдары біздің әлемде балалардың тіл дамуы төмендеді.

Себебі: түрлі жағымсыз *эндогендік* (ішкі) факторлар: ұрықтың немесе шарананың гипоксиясы; жарақаттануы; жүкті ананың жеріктіктері; вирусты және эндокриді аурулары, түрлі дәрі –дәрмекті бақылаусыз қабылдауы, арак ішіп, темекі шегу және наша қабылдауы; ана мен ұрықтың қандарының резус-фактор бойынша үйлесімсіздігі. Тұқым қуалаушылық факторларда тіл мүкістіктерінің пайда болуына себебін тигізеді.

-түрлі жағымсыз *экзогендік* (сыртқы) себептер: баланың алғашқы кезіндегі түрлі аурулар, (инфекциялық, вирустық, нейроинфекциялық т.б), бас сүйегінің жарақаттары, ми шайқалуы, оның қолайсыз әлеументтік-тұрмыстық жағдайы, жағымсыз тіл ортасы түрлі сөйлеу қызметінің бұзылуларына әкеледі. Сөйлеу әрекетінің бұзылуына туа біткен патологиялар да әсерін тигізеді. Қазіргі кезде сөз қоры актуалдық проблема болып отыр. Зерттеу бағытында балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты екені анықталды. Сонымен бірге саусақтың қозғалуы, баланың жасына сай болуы керек. Ғылыми тұрғыда, балалардың тілінің дамуы ұсақ саусақтары арқылы дамиды. Егерде қолдың қозғалуы қалып қойса, сөз қоры тоқталып қалады. Баланың фонетико-фонематикалық нашар сөйлеуі түрлі деңгейлерімен бөлінеді. Жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі тілдік функциясына байланысты.

Жазуға бейімделмеген, жалпы моториканың және саусақтың қозғалуының жетіспеуі мектептің төменгі сыныптарынан бастап, оқуға деген негативтік әсерін тигізуі мүмкін.

Ұсақ саусақ моторикасының дұрыс дамуы, баланың жалпы дамуына, дұрыс оқуына өте маңызды әсер етеді. Мектепке дейінгі мекемеде, жазу емес, жазуға дайындықтың маңызы зор. Ұсақ саусақ моторикасының жоғары деңгейде дамуы, баланың мектепке деген психологиялық дайындығын, ақыл кіргенін түсіндіреді. Ұсақ саусақ моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына да әсерін тигізеді. Бала саусақтарымен әр түрлі жаттығулар орындап, үлкен жетістіктерге жетеді және баланы сурет салуға үйретеді, ары қарай жазуға да көмектеседі. Егер баланың саусақтары шапшаң жұмыс жасап, иілгіш болса жазуы да әдемі болады. Баланың ұсақ саусақ қимылдарын жетілдіруде мектепке дейінгі мекемелерде саусақ жаттығулары, қимылды ойындар, дамыту ойындары, түзету тапсырмалары, конструктор ойыны, ауада сурет салу, құммен, сумен ойнау, сурет салу, бояу, штрихтау, қайшымен қию, жапсыру, әр түрлі материалдармен сурет салу (қаламмен, қарындашпен, бормен, түрлі-түсті бояу, гуашьпен, көмірмен, түрлі-түсті борлар және т.б.), және ермексазбен жұмыс, қол еңбегі, құрастыру сабақтары жүргізіледі. Пластилинография мектепке дейінгі мекемеде бұл жұмысты баламен сабақ, жеке жұмыс, топтық жұмыс есебінде алуға болады. Ермексазды домалатып әр түрлі суреттерді салу ол баланың біріншіден мінез-құлқын қалыптастырады. Сонымен бірге баланың ұсақ саусақ қимылын дамытып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттырады; танымдылық қабілеттерін дамытады; тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіріп, байланыстыра сөйлеуін арттыруға көмектеседі. Бастаған істі аяқтауға, шыдамдылыққа, сабырлыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Шығармашылдығын, қиялын, зейінін, дамытады. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға тапсырма жас ерекшеліктігіне сәйкестігімен қоса, оңтайлы күрделілік деңгейімен ерекшеленуі тиіс. Мектепке дейінгі мекеме балаларына жеңіл түрлері ұсынылады. Өздеріне таныс суретті ақ картонға немесе тақтайша бетіне түсіріп ермексазды дөңгелетіп толтыруды ұсынамыз. Болмаса қатты ақ қағаз бетіне өзіне ұнаған суретті салып немесе шаблондар арқылы басып алуы қажет. Ермексазды

кішкентай дөңгелек моншақ пішініне әкеліп, сол дөңгелекті суретке орналастыруы арқылы нобайын сонан соң ішкі жағын толтырып ермексаз арқылы сурет салып шығамыз. Кішкентай балалардың ұсақ саусақ қимылы әлі дамымағандықтан олар дөңгелекті ірілеу қылып жасайды және ол дөңгелек емес сопақша да болып шығуы мүмкін. Бұл жұмыс шыдамдылықты, талап етеді оған мектепке дейінгі жастағы баланың шыдамы көп жете бермейді сондықтан сурет кішкентай ал ермексаздан жасаған моншағымыз үлкен болғаны жөн. Пластилинография мектеп жасына дейінгі балалардың заттық бейнелеуден бұрылып кетуіне, суретке өз эмоциясымен сезімін білдіруге мүмкіндік береді, өз күшіне сенімділік пен еркіндік береді. Бұндай оқу қызметі балаларға ұмытылмастай жағымды эмоцияларды сезінуіне мүмкіндік береді, көптеген психикалық міндеттердің дамуына әсер етіп, оларды өз ара байланыстырады, балаларға қарқынды, қонымды меңгерілетін білімді реттеуге көмектеседі, қоршаған орта туралы күрделі ұғымдағы үлгіні жасау және анығына жету. Мүсіндеу пластилинографиясын қолдану жоспарлы ұйымдастырылған оқу қызметі барысының нәтижесінде балалар: айқындау құралын бөле отырып түр-түсін, мазмұнының біркелкілігін, көркем биненің мәні мен тілін түсіну арқылы бейнелеу өнерінің әр түрлі шығармаларын қабылдауды; қоршаған орта құбылыстарының, заттардың жалпы, бір үлгідегі ерекше және жеке белгілерін, олардың эстетикалық қабылдауын көруге; заттардың ерекше белгілерін, үйлесімділігін, байланысын беруге; шынайы нысанның ұқсастығына көз жеткізуге; пластилинография техникасына өз бетімен қолдануға; өз сюжетін жасауға және өз бетімен көркемдік айқындау құралын түрлендіруге; бақылаудағы заттарға, нысанға, құбылыстарға эстетикалық баға беруге, табиғаттың суретін, көшірменің декоративті – қолданбалы және бейнелеу өнерінің шығармаларының әдемілігіне эмоциялық сипат беруге үйренді. Қорыта айтқанда бала тілінің дамуына пластилинография әдісінің көмегі өте зор. Оны қажеттілігіне қарай пайдалану тәрбиешінің өз қолында!